

**"Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу, оларға сараптама, сынақ өткізу және мониторинг жүргізу, оларды басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 24 шілдедегі № 344 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 мамырдағы № 211 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 20 мамырда № 20675 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендері мен оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеу, оларға сараптама, сынақ өткізу және мониторинг жүргізу, оларды басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидаларын бекіту" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 24 шілдедегі № 344 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 24 шілдедегі № 344 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7876 тіркелген, 2012 жылғы 19 қыркүйектегі "Егемен Қазақстан" газетінде № 316-317 (27135-27136) жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу, оларға сараптама, сынақ өткізу және мониторинг жүргізу, оларды басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидалары осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім комитетіі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі*

*А. Аймағамбетов*

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2020 жылғы 19 мамырдағы  
№ 211 Бұйрыққа  
1-қосымша

## **Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу, оларға сараптама, сынақ өткізу және мониторинг жүргізу, оларды басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу, оларға сараптама, сынақ өткізу және мониторинг жүргізу, оларды басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер (бұдан әрі - ОӘК) мен оқу-әдістемелік құралдарды (бұдан әрі - ОӘҚ) әзірлеу, сараптау, сынақ өткізу және мониторинг жүргізу және басып шығару тәртібін және мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу басылымдары бойынша авторларға және авторлар ұжымына сараптамалық қорытынды беру тәртібін айқындайтын "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 27) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

- 1) автор - шығармашылық еңбегімен оқулық, ОӘК және ОӘҚ жасаған жеке тұлға;
- 2) авторлық ұжым - серіктес авторлар ретінде жұмыс істейтін адамдар тобы;
- 3) әзірлеуші - шығармашылық еңбегімен оқулық, ОӘК және ОӘҚ жасаған заңды тұлға;
- 4) баспа - оқулық, ОӘК және ОӘҚ әзірлеуді және басып шығаруды жүзеге асыратын кәсіпорын;
- 5) бірыңғай базалық оқулық - бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарда міндетті түрде пайдаланылатын оқулық;
- 6) ғылыми және педагогикалық сараптама - оқулықтар, ОӘК мен ОӘҚ мазмұнының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №

604 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (бұдан әрі - МЖБС) талаптарына және үлгілік оқу бағдарламаларына, заманауи әдіснамалық, дидактикалық және әдістемелік талаптарға сәйкестігін бағалау;

7) Ғылыми кеңес - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Оқулық" республикалық ғылыми-практикалық орталығының (әрі қарай - көрсетілетін қызметті беруші) алқалы басқару органы;

8) оқулық - оқу пәнін жүйелі түрде баяндайтын, тиісті ҚР МЖБС-ға, үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес келетін оқу басылымының түрі (қағаз немесе электронды);

9) оқулықтың электронды нұсқасы - оқулықтың баспа нұсқасымен бірдей пайдаланылатын, құрылымы, мазмұны және көркемдік безендірілуі бойынша оқулықтың баспа нұсқасымен сәйкес келетін электронды басылым;

10) оқулықтарды, ОӘК мен ОӘҚ-ны сынақтан өткізу - білім беру ұйымдарының оқу процесінде алғаш әзірленген оқулықтарды, ОӘК мен ОӘҚ пайдалану практикасын кешенді зерделеу;

11) оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, құралдардың және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі әдебиеттердің тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) - "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңына сәйкес уәкілетті орган бекітетін білім беру ұйымдарында пайдалануға ұсынылатын оқу әдебиеттерінің тізбесі;

12) оқулықтардың, ОӘК мен ОӘҚ сапасына мониторинг жүргізу - Тізбеге енген және білім беру ұйымдарында пайдаланылатын оқулықтар, ОӘК мен ОӘҚ құрылымының, мазмұнының сапасын талдау, бағалау, оның нәтижелері бойынша өңдеу, қайта басып шығару немесе Тізбеден алып тастау жөнінде шешім қабылданады;

13) оқулықтың түпнұсқа-макеті - сыртқы элементтері мен құрылымы бойынша аяқталған, әрбір беті ғылыми және педагогикалық сараптамаға ұсынылатын болашақ басылымның тиісті беттерімен толық сәйкес келетін оқулықтың түпнұсқасы;

14) оқу-әдістемелік кешен (ОӘК) - оқулықпен бірге жүретін және білім алушылардың оқу пәндерінің мазмұнын меңгеруін қамтамасыз етуге бағытталған, мұғалімге арналған әдістемелік нұсқаулықты, хрестоматияны, 1 және 2-сыныптарға арналған жұмыс дәптерлерін, диктанттар жинағын, міндеттер мен жаттығулар жинағын, карта-атласты, оның ішінде электронды тасымалдағышта қамтитын оқу және әдістемелік басылымдардың жиынтығы;

15) оқу-әдістемелік құрал (ОӘҚ) - оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін пайдаланылатын оқу құралын, әдістемелік құралды, дидактикалық материалдарды, сөздіктерді қамтитын оқу басылымының, қосымша әдебиеттің түрі;

16) пән бойынша жауапты сарапшы - тиісті біліктілігі бар, оқыту курстары мен сертификаттаудан өткен, оқулықтардың, ОӘК мен ОӘҚ ғылыми және педагогикалық

сараптамасын ұйымдастыруға, өткізуге және сапасына жауапты көрсетілетін қызметті беруші қызметкері;

17) пәндік сараптау комиссиясы - көрсетілетін қызметті беруші базасында құрылатын, ғылыми және педагогикалық сараптама, сынақ қорытындылары бойынша сараптамалық қорытындыларды қарайтын жұмыс комиссиясы;

18) сараптаманың электрондық платформасы - ақпаратқа бірнеше қолжетімділікті қамтамасыз ету және құпиялылықты сақтау арқылы ғылыми және педагогикалық сараптама процесін автоматтандыруға, сарапшылар базасын қалыптастыруға және оларды іріктеуге арналған ақпараттық жүйе;

19) сарапшылардың электронды базасы - білім беруді басқару органдарының, жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдардың (меншік нысанына, ұйымның типіне және түріне қарамастан) ұсынымдары бойынша қалыптастырылатын, оқыту курстарынан өткен, ғылыми және педагогикалық сараптамаға тарту үшін сертификаты бар ғалымдардың, педагогтердің деректер базасы;

20) сынақты өткізуші мұғалім - оқулықтарға, ОӘК мен ОӘҚ-ға сынақ өткізуші пилоттық мектептің мұғалімі;

21) сыртқы сарапшы - оқулықтарға, ОӘК мен ОӘҚ-ға ғылыми және педагогикалық сараптама жүргізуге тартылатын, тиісті біліктілігі және кемінде он жыл жұмыс өтілі бар, оқу курсынан және сертификаттаудан өткен жеке тұлға;

22) тақырыптық жоспар (бұдан әрі - Тақырыптық жоспар) - республикалық бюджет қаражаты есебінен ғылыми және педагогикалық сараптама жүргізуге жататын мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейлеріне арналған оқулықтар мен ОӘК тізімі;

23) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі;

24) цифрлық білім беру ресурстары (бұдан әрі - ЦБР) оқу процесінде қажетті және цифрлық форматта ұсынылған бейне-аудиоматериалдар, виртуалды шынайылық және интерактивті модельдеу объектілері;

25) электрондық оқу басылымы - оқу ақпаратының электрондық жеткізгіштердегі цифрлық жазбасы болып табылатын немесе цифрлық білім беру платформаларында орналастырылған басылым;

26) электрондық оқулық - үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес келетін және білім алушыға өз бетінше немесе педагогтің көмегімен интерактивті режимде оқу курсы немесе оның бөлімін меңгеруге, тапсырмаларды орындауға және өзінің оқу жетістіктерін бағалауға мүмкіндік беретін бағдарламалық-әдістемелік оқыту кешені.

## **2-тарау. Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу тәртібі**

3. Оқулықтарды, ОӘК мен ОӘҚ-ны, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерін әзірлеуге уәкілетті орган бекіткен Тақырыптық жоспар негіз болып табылады.

4. Оқулықтарды, ОӘК мен ОӘҚ-ны әзірлеудің нормативтік негізі уәкілетті органның бұйрығымен бекітілген МЖМБС және білім беру деңгейлері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары болып табылады.

5. Оқулықтарды, ОӘК мен ОӘҚ-ны әзірлеу кезінде баспа, әзірлеуші оқу әдебиетінің мазмұнын құраудағы заманауи әдіснамалық, дидактикалық, әдістемелік, эргономикалық тәсілдемелерді басшылыққа алады.

6. Баспа, әзірлеуші пән (мамандық) бойынша кәсіби білімі, біліктілігі мен білім беру ұйымдарында жұмыс тәжірибесі бар, оқулықтарды әзірлеу мәселелері бойынша оқыту курстарынан өткен тұлғалардан авторлық ұжым қалыптастырады.

7. Оқулықтарды, ОӘК мен ОӘҚ-ны әзірлеуді автор, авторлық ұжым өз бетінше немесе баспа ұйымдастырады. Авторлық ұжым бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерінің оқулықтары үшін ғалымдар, әдіскерлер және мұғалімдер қатарынан қалыптастырылады.

8. Баспа, әзірлеуші оқулыққа құрамына мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулық және типтік оқу бағдарламасына сәйкес хрестоматия, 1,2-сыныптарға арналған жұмыс дәптері, диктанттар жинағы, есептер мен жаттығулар жинағы, картаграфиялық атлас кіретін ОӘК әзірлеуді қамтамасыз етеді.

9. Баспа, әзірлеуші қосымша әдебиет ретінде типтік оқу бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие процесінде пайдаланылатын оқу құралы, әдістемелік құрал, дидактикалық материалдар, сөздіктер кіретін ОӘК әзірлеуді жүзеге асырады.

10. Баспа, әзірлеуші оқулық, ОӘК және ОӘҚ мазмұны мен рәсімделуінің сапасын білім беру деңгейлері бойынша МЖМБС-ға, үлгілік оқу бағдарламаларына, Талаптарға, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 тамыздағы № 611 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12089 болып тіркелген) бекітілген Оқулық басылымдарына қойылатын гигиеналық нормативтерге сәйкес қамтамасыз етеді.

11. Баспа, әзірлеуші оқулық пен ОӘК-нің МЖМБС-ның, үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына, емле ережелері талаптары мен нормаларына сәйкестігіне баспаішілік сараптама жүргізеді және баспа басшысы қол қойған баспаішілік сараптама қорытындысын көрсетілетін қызметті беруші жібереді.

12. Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлеріне арналған оқулықтардың, ОӘК мен ОӘҚ-ның мазмұнын, оның ішінде электронды тасымалдағыштағыларының мазмұнын авторлық ұжым әрбір 5 (бес) жыл сайын, оның ішінде арнайы білім беру ұйымдары үшін әрбір 6 (алты) жыл сайын үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды, сондай-ақ оқулықтардың, ОӘК мен ОӘҚ-ның сапасына жүргізілген мониторинг нәтижелерін ескере отырып пысықтайды.

### **3-тарау. Оқулықтарға, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарға ғылыми және педагогикалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу тәртібі**

13. Оқулықтарға, ОӘК мен ОӘҚ-ға ғылыми және педагогикалық сараптаманы көрсетілетін қызметті беруші сыртқы сарапшыларды тарта отырып және құпиялылық режимін сақтай отырып, сынаққа дейін және сынақтан кейін сараптаманың электрондық платформасы базасында ұйымдастырып өткізеді.

14. "Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу басылымдары бойынша авторларға және авторлар ұжымына сараптамалық қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі - Мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсетілетін қызметті беруші көрсетеді.

15. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы " Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" комерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) арқылы көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті, сондай-ақ осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу басылымдары бойынша авторларға және авторлар ұжымына сараптамалық қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету стандартының (бұдан әрі - Мемлекеттік қызмет көрсету стандарты) 8-тармағында көрсетілген құжаттарды жібереді.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші және Мемлекеттік корпорация қызметкері тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Құжаттарды қабылдау кезінде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

16. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған жағдайда және ( немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда Мемлекеттік корпорация қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолхат береді. Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

17. Мемлекеттік корпорациясының қызметкері құжаттар топтамасымен қалыптастырылған өтінішті көрсетілетін қызметті берушіге курьер арқылы немесе пошта байланысы арқылы жібереді.

18. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттар топтамасын қабылдауды және тіркеуді Мемлекеттік корпорациядан құжаттар келіп түскен күні жүзеге асырады.

19. Көрсетілетін қызметті беруші оқулықтарға, ОӘК мен ОӘҚ-ға ғылыми және педагогикалық сараптаманы осы Қағиданың 3-тарауында айқындалған тәртіппен күнтізбелік 47 (қырық жеті) күн ішінде ұйымдастырады және өткізеді.

20. Баспа, әзірлеуші көрсетілетін қызметті берушіге 31 қазанға дейін оқулықтарды Тақырыптық жоспарға енгізу туралы өтінім береді.

21. Көрсетілетін қызметті беруші Тақырыптық жоспарға жаңадан әзірленген оқулықтарды және МЖМБС-ға, оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес қайта басылған оқулықтарды енгізеді.

22. Келесі қаржы жылына арналған Тақырыптық жоспарды уәкілетті орган көрсетілетін қызметті беруші ұсынысы бойынша ағымдағы жылдың 30 сәуіріне дейінгі мерзімде бекітеді. Тақырыптық жоспар бекітілген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті беруші сайтына орналастырылады.

23. Уәкілетті органның шешімі бойынша Тақырыптық жоспарға республикалық бюджетте көзделген қаражат шеңберінде толықтырулар мен өзгерістер енгізіледі.

24. Тақырыптық жоспарға енгізілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлеріне арналған оқулықтар мен ОӘК-ге және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған ОӘК-ге, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілеріне ғылыми және педагогикалық сараптама республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

25. ОӘК-ге, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілеріне және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейлеріне арналған оқу әдебиетіне ғылыми және педагогикалық сараптама әзірлеушінің қаражаты есебінен жүргізіледі.

26. Оқулықтарды, ОӘК мен ОӘҚ-ны сараптауға қабылдау оларды енгізгенге дейін кемінде 1,5 жыл бұрын мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейлері үшін жыл сайын 1 қаңтар мен 31 мамыр аралығындағы кезеңде, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейлері үшін 1 қаңтар мен 31 қазан аралығындағы кезеңде жүзеге асырылады.

27. Көрсетілетін қызметті беруші оқулықтарға, ОӘК мен ОӘҚ-ға ғылыми және педагогикалық сараптама жүргізу өлшемшарттарын (бұдан әрі - сараптама өлшемшарттары) әзірлейді және Ғылыми кеңесте бекітеді. Сараптама өлшемшарттары сараптаманың электрондық платформасында орналастырылады және оқулықтар, ОӘК мен ОӘҚ сапасын бағалаудың негізгі құралы болып табылады.

28. Ғылыми және педагогикалық сараптама жүргізу үшін көрсетілетін қызметті беруші оқу басылымына сәйкестендіру кодын береді және оны баспа мен авторлық ұжымды көрсетпей сараптаманың электрондық платформасы арқылы сыртқы сарапшыларға жібереді.

29. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі оқу басылымы Мемлекеттік корпорацияға түскен күннен бастап күнтізбелік 50 (елу) күн ішінде жүргізіледі.

30. Ғылыми және педагогикалық сараптама жүргізу үшін көрсетілетін қызметті беруші жергілікті атқарушы органдардың, білім басқармаларының, жоғары оқу орындарының және ғылыми орталықтардың ұсынымдары негізінде пәндер және оқыту тілі бойынша сарапшылар базасын жасақтайды.

Сарапшылар базасы мынадай талаптар бойынша жасақталады:

Ғалымдар, ЖОО оқытушылары:

- 1) ғылыми дәрежесінің болуы;
- 2) оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың, ғылыми монографиялардың авторы ;
- 3) 10 жылдан кем емес педагогикалық және/немесе ғылыми еңбек өтілі;
- 4) ғылыми-әдістемелік жұмыстарға пікір беру тәжірибесі;
- 5) мамандық бейінінің сәйкес келуі;
- 6) оқытатын пәнінің сәйкес келуі;
- 7) "ЖОО үздік оқытушысы" республикалық конкурсының жеңімпаздары;

8) "Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері", "Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі", "Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері", "Өнер" және "Дене шынықтыру" білім беру салалары пәндері бойынша "Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы" атақтарының иегерлері.

Білім беру ұйымының педагогтері:

- 1) жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі;
- 2) 10 жылдан кем емес педагогикалық еңбек өтілі;
- 3) "педагог-зерттеуші", "педагог-шебер" (немесе жоғары санат) біліктілік санаты;
- 4) ғылыми-әдістемелік жарияланымдарының болуы;
- 5) өз пәні бойынша аудандық, облыстық (қалалық), республикалық деңгейлердегі олимпиадаларда, конкурстарда, көрмелерде жетістіктері туралы сертификаттарының болуы;
- 6) "Үздік педагог" республикалық конкурсының жеңімпаздары.

31. Сарапшылар базасына мыналар енгізілмейді:

- 1) мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру деңгейлеріне арналған оқулықтардың авторлары;
- 2) оқулық авторларымен ортақ жарияланымдары бар тұлға;
- 3) оқу басылымының авторларымен бір білім беру ұйымында жұмыс істейтін тұлға;



4) оқу басылымының авторына немесе авторларының біріне ғылыми жетекшілік етуші тұлға;

5) оқу басылымының авторымен немесе авторларының бірімен бір ғылыми жобаның жетекшісі немесе орындаушысы болып табылатын тұлға.

32. Көрсетілетін қызметті беруші сарапшылар базасына енген сарапшылар үшін уәкілетті органмен келісілген, білім беру мазмұнын әзірлеудің тұжырымдамалық, нормативтік негіздерін, оқу әдебиетіне ғылыми және педагогикалық сараптама жүргізудің әдістемесі мен өлшемшарттарын қамтитын бағдарлама бойынша оқыту курстарын ұйымдастырады және өткізеді.

33. Сарапшыларды базадан іріктеп алу оқыту курсынан өткен және қорытынды бақылау нәтижелері бойынша сертификат алғандар қатарынан сараптаманың электрондық платформасында Randomize сандар генераторын пайдалану арқылы жүргізіледі.

34. Көрсетілетін қызметті беруші сараптаманың электрондық платформасы арқылы ғылыми және педагогикалық сараптама бойынша сарапшы жұмысының сапасына мониторинг жүргізеді. Келісімшарттағы міндеттемелерді сапасыз орындаған жағдайда сарапшы Сарапшылар базасынан шығарылады.

35. Көрсетілетін қызметті беруші сарапшылар базасын жыл сайын жүргізілген мониторинг нәтижелерін және білім басқармаларының ұсынымдарын ескере отырып жаңартады және бекітеді.

36. Аударма оқу басылымдарына сараптама жүргізу үшін қосымша аудармашы тартылады.

37. Оқулықтарға, ОӘК мен ОӘҚ-ға сараптама жүргізуді ұйымдастыру және сапасын қамтамасыз ету үшін көрсетілетін қызметті беруші қызметкерлері қатарынан әрбір оқу пәні бойынша жауапты сарапшы тағайындалады.

38. Ғылыми және педагогикалық сараптама көрсетілетін қызметті беруші мен сыртқы сарапшы арасында жасалған шарт негізінде қолданыстағы заңнамада қарастырылған тәртіппен жүзеге асырылады.

39. Ғылыми және педагогикалық сараптаманы оқулықтардың, ОӘК мен ОӘҚ сапасын бағалау өлшемшарттарына сәйкес сараптаманың электрондық платформасы арқылы сыртқы сарапшы жүргізеді.

40. Білім беру ұйымы осы ұйымда жұмыс істейтін сарапшыға ғылыми және педагогикалық сараптама бойынша жұмысты орындауы үшін қолдау көрсетеді.

41. Сараптама нәтижелері бойынша сыртқы сарапшы сараптамалық шешім шығарады. Сараптамалық шешім нысанын көрсетілетін қызметті берушінің Ғылыми кеңесі бекітеді.

42. Пән бойынша жауапты сарапшы сараптамаға келіп түскен оқулықтардың, ОӘК мен ОӘҚ сапасына өзіндік бағалау жүргізеді, сыртқы сарапшылардың сараптамалық шешімдерін, сарапшылардың ескертулері бойынша авторлардың негіздемесін қарайды,

оқулықтардың сапасын бағалаудың объективтілігін бағалайды және мынадай сараптамалық қорытындылардың бірін шығарады:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлеріне арналған оқулықтар, ОӘК мен ОӘҚ, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілері үшін:

оң сараптамалық шешім алған жағдайда - "пәндік сараптамалық комиссияның қарауына жіберіледі", ал сынақтан өткізуге жіберілетін оқулықтар, ОӘК мен ОӘҚ үшін - "білім беру ұйымдарында сынақтан өткізуге ұсынылады";

сараптамалық шешімде жоюды қажет ететін ескертулер болған жағдайда, оның ішінде сынақтан өткізуге жіберілетін оқу басылымдары үшін де - "өңдеуді қажет етеді";

теріс сараптамалық шешім алған жағдайда - "білім беру ұйымдарында пайдалануға ұсынылмайды", сондай-ақ сынақ өткізуге жіберілетін оқу басылымдары үшін - "білім беру ұйымдарында сынақтан өткізуге ұсынылмайды";

2) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейлеріне арналған оқулықтар мен ОӘҚ, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілері үшін - "білім беру ұйымдарында пайдалануға ұсынылады";

сараптамалық шешімде жоюды қажет ететін ескертулер болған жағдайда - "өңдеуді қажет етеді";

теріс сараптамалық шешім алған жағдайда - "білім беру ұйымдарында пайдалануға ұсынылмайды".

43. Сараптамалық шешімнің заңдылығына күмән тудыратын фактілер немесе даулы жағдайлар анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші құрамына пән бойынша жауапты сарапшы, пәндік сараптамалық комиссия мүшелері, ғалымдар мен мұғалімдер кіретін сараптама нәтижелерін қарау жөніндегі комиссияны тағайындайды.

Комиссия шешімінің негізінде сараптамалық шешімді қабылдау/қабылдамау туралы сараптамалық қорытынды шығарылады.

44. Оқулықтарға, ОӘК және ОӘҚ ғылыми және педагогикалық сараптама жүргізу қорытындылары бойынша көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалардың 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруге арналған оқу басылымдарының авторлары мен авторлар ұжымына сараптамалық қорытынды немесе Мемлекеттік қызмет көрсету стандартының 9-тармағында көзделген жағдайлар мен негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап дайындайды.

45. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін мемлекеттік корпорацияға жеткізуді мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің аяқталуына дейін кемінде бір тәуліктен кешіктірмей жүзеге асырады.

46. Көрсетілетін қызметті алушыға дайын құжаттарды беру жеке басын куәландыратын құжатты (не нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша оның өкілінің) көрсеткен кезде тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат негізінде жүзеге асырылады.

47. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңның 5-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес тәртіппен мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

48. Көрсетілетін қызметті алушының өтінішінің болмауына байланысты мерзімінде берілмеген құжаттар бір ай мерзім ішінде Мемлекеттік корпорацияда сақталады, осы берілген мерзім өткеннен кейін талапетілмеген құжат ретінде көрсетілетін қызметті берушіге қайтарылады.

49. "Өңдеуді қажет етеді" деген сараптамалық қорытынды алған оқулықтардың, ОӘК мен ОӘҚ авторы (авторлық ұжым) немесе әзірлеуші оларды сараптамалық қорытынды алған күннен бастап күнтізбелік алпыс (60) күн ішінде өңдейді және қайта сараптама жүргізу үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

50. Сараптама нәтижелері бойынша өңделген және "білім беру ұйымдарында сынақтан өткізуге ұсынылады" немесе "пәндік сараптамалық комиссия қарауына жіберіледі" деген сараптамалық қорытынды алған оқулықтар, ОӘК мен ОӘҚ тиісінше сынақтан өткізуге немесе пәндік сараптамалық комиссияның қарауына ұсынылады.

51. Қайта "Өңдеуді қажет етеді" деген қорытынды алған немесе білім беру ұйымдарында пайдалануға ұсынылмаған оқулықтар, ОӘК мен ОӘҚ ағымдағы күнтізбелік жыл ішінде сараптамаға қабылданбайды.

52. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлеріне арналған оқулықтардың сапасына қоғамдық бағалау жүргізу үшін олардың электрондық нұсқаларына сараптама жүргізу кезінде баспасы мен авторлық ұжымы көрсетілмей, "Жоба" деген белгімен сараптаманың электрондық платформасына орналастырылады.

Келіп түскен ескертпелер баспаларға, әзірлеушілерге оқулықтың бөлімдері бойынша жіберіледі.

53. Көрсетілетін қызметті беруші қоғамдық бағалау порталына түскен ескертулер мен ұсыныстарға мониторинг жүргізеді және сараптамалық қорытынды берілген күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей оқулықты әзірлеушіге оларды жою үшін жібереді.

54. Баспа, әзірлеуші қоғамдық бағалау нәтижелерін алған күннен бастап 50 (елу) күн ішінде көрсетілетін қызметті беруші қоғамдық бағалау нәтижелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы есеп береді.

"Білім беру ұйымдарында пайдалануға ұсынылмайды" деген сараптамалық қорытынды берілген жағдайда оқулықты қоғамдық бағалау нәтижелері әзірлеушіге берілмейді.

55. Сараптамаға ұсынылған оқу басылымы әзірлеушіге қайтарылмайды.

56. Тізбені қалыптастыру және бекіту жөнінде хаттамалық шешім шығару үшін көрсетілетін қызметті беруші пәндер мен оқыту тілдері бойынша Пәндік сараптамалық комиссия құрады және бекітеді.

57. Пәндік сараптамалық комиссияның құрамына сарапшылар базасына енген және оқыту курстарының қорытындысы бойынша қорытынды бақылаудан сәтті өткен және тиісті сертификат алған ғалымдар мен педагогтер кіреді:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту деңгейіне арналған оқу басылымдарына сараптама жүргізу үшін ғалымдар, әдіскерлер және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жоғары санатты тәрбиешілері;

2) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейлеріне арналған оқу басылымдарына сараптама жүргізу үшін бейіні бойынша ғалымдар, орта білім беру ұйымдарының жоғары біліктілік санаты, "педагог-зерттеуші", "педагог-шебер" біліктілік санаты бар педагогтері, "ЖОО үздік оқытушысы" және "Үздік педагог" республикалық конкурстарының жеңімпаздары кіреді.

58. Пәндік сараптамалық комиссия мүшелерінің жұмысы Көрсетілетін қызметті беруші мен Пәндік сараптамалық комиссия мүшелерінің арасында жасалған шарт негізінде қолданыстағы заңнамада қарастырылған тәртіппен жүзеге асырылады.

59. Пәндік сараптамалық комиссияның мүшелері отырыстар басталғанға дейін 15 (он бес) күн бұрын баспа мен авторлық ұжымды көрсетпестен сәйкестендіру кодын бере отырып, комиссиялардың қарауына енгізілетін оқулықтардың, ОӘК мен ОӘҚ-нің электрондық, қажет болған жағдайда, қағаз нұсқаларына қол жеткізе алады.

60. Пәндік сараптамалық комиссия:

1) ғылыми және педагогикалық сараптама және сынақ нәтижелері бойынша сараптамалық қорытындыларды зерделейді және талдайды;

2) оң қорытынды алған оқулықтардың, ОӘК мен ОӘҚ сапасын талдайды;

3) сараптамалық қорытындыларды және оқу басылымдарының құнын, оның ішінде балама оқулықтардың орташа құнынан жоғары емес базалық оқулықтардың құнын ескере отырып, оқулықтарды, ОӘК мен ОӘҚ-ны, оның ішінде бірыңғай базалық оқулықтарды іріктеуді жүзеге асырады;

4) оқулықтарды, ОӘК мен ОӘҚ-ны, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерін Тізбеге енгізу туралы мынадай хаттамалық шешімдердің бірін қабылдайды:

"Тізбеге енгізуге ұсынылады";

"Тізбеге енгізуге ұсынылмайды";

"бірыңғай базалық оқулық ретінде Тізбеге енгізуге ұсынылады";

"қосымша пайдалануға арналған оқулық ретінде Тізбеге енгізуге ұсынылады";

5) Тізбеге енгізу үшін ұсынылған оқу әдебиетінің тізімін уәкілетті органның қарауына және бекітуіне енгізеді;

б) білім берудің барлық деңгейлеріне арналған оқулықтарды, ОӘК мен ОӘҚ-ны әзірлеу, оларға сараптама, сынақ өткізу, мониторинг жүргізу және басып шығару тетіктерін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеп енгізеді.

61. Пәндік сараптамалық комиссияның отырысы қажеттілігіне қарай өткізіледі. Отырыс оған Пәндік сараптамалық комиссия мүшелерінің жартысынан көп бөлігі қатысқанда заңды болып табылады.

62. Тізбеге енгізу үшін негізгі және жалпы орта білім беру деңгейлерінің бір оқу пәні бойынша бірыңғай базалық оқулықтар және бестен көп емес балама оқулық, ОӘК мен ОӘҚ ұсынылады.

63. Уәкілетті орган бекіткен Тізбе [www.edu.gov.kz](http://www.edu.gov.kz) интернет-ресурсында орналастырылады.

#### **4-тарау. Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды сынақтан өткізу тәртібі**

64. Көрсетілетін қызметті беруші оқулықтың әдістемелік аппаратының тиімділігін, мазмұнының қолжетімділігін, оқу материалын баяндау тілінің оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігін бағалау және оқу процесіне енгізу мүмкіндігін зерделеу мақсатында 1 (бір) оқу жылы ішінде уәкілетті органның бұйрығы негізінде пилоттық мектептер базасында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлеріндегі оқулықтарға, ОӘК, ОӘҚ-ға сынақ (әрі қарай - сынақ) ұйымдастырады.

65. Сынақтан өткізу сараптаманың электрондық платформасын пайдаланып, апробатор-мұғалімдердің оқулықтардың сапасын бағалауы процесін қадағалай отырып жүзеге асырылады.

66. Сынақты ұйымдастыру үшін баспалар көрсетілетін қызметті берушіге оқулықтарды, ОӘК мен ОӘҚ ұсынады.

67. Уәкілетті орган сынақтан өткізуге жіберетін оқулықтар, ОӘК мен ОӘҚ осы қағидалардың 13-тармағына сәйкес сынақалды сараптамадан өткізіледі.

68. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдары үшін сынақтан өткізу республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі. Сынақтан өткізуге қатысатын пилоттық мектептерді оқулықтармен, ОӘК және ОӘҚ-мен қамтамасыз ету баспалардың есебінен жүргізіледі.

69. Пилоттық мектептердігі сынақ нәтижелері бойынша мынадай шешімдердің бірі шығарылады:

"сынақтан кейінгі сараптамаға жіберіледі";

"сынақтан кейінгі сараптамаға жіберілмейді";

"сынақтан кейінгі сараптамаға өңдеуден соң жіберіледі".

70. Әрбір оқу тоқсанының қорытындысы бойынша сынақты өткізуші мұғалімдердің ескертулері мен ұсыныстары баспаларға, оқу басылымдарын әзірлеушілерге жіберіледі.

## **5-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

71. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану жазбаша түрде көрсетілетін қызметті берушінің басшысының не оны алмастырушы тұлғаның атына не Көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Жеке тұлғаның шағымында оның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), пошталық мекенжайы, байланыс телефоны көрсетіледі.

Шағымды қабылдаушы адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), берілген шағымға жауап алу орны мен мерзімі көрсетіле отырып, шағымның көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркелуі (шағымның екінші данасында немесе шағымға ілеспе хатта мөртаңба, кіріс нөмірі мен тіркеу күні қойылады) шағымның қабылдануын растау болып табылады.

Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорацияның [www.gov4c.kz](http://www.gov4c.kz) интернет-ресурсында көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша Мемлекеттік корпорацияның филиалының, бөлімінің басшысына жолданады.

Мемлекеттік корпорацияға немесе көрсетілетін қызметті берушіге қолма-қол және пошта арқылы түскен шағымның қабылдануын растау оның тіркелуі (шағымның екінші данасында немесе шағымға ілеспе хатта мөртаңба, кіріс нөмірі мен тіркеу күні қойылады) болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Мемлекеттік корпорацияның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс. Шағымды қараудың нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта бойынша жолданады не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Мемлекеттік корпорацияның кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

72. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

## **6-тарау. Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдардың сапасына мониторинг жүргізу тәртібі**

73. Көрсетілетін қызметті беруші Тізбеге енгізілген оқулықтардың, ОӘК мен ОӘҚ-ның сапасын бағалау мақсатында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейлеріне арналған оқулықтардың, ОӘК мен ОӘҚ, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің сапасына мониторинг (бұдан әрі - мониторинг) жүргізеді.

74. Мониторинг мұғалімдердің оқулықтардың сапасын бағалау процесін қадағалай отырып, Сараптаманың электрондық платформасында жүзеге асырылады. Білім беру ұйымдары оқулықтардың сапасына мониторинг жүргізуге белсене қатысқан мұғалімдерді ынталандыру шараларын қолданады.

75. Мониторинг нәтижелері аналитикалық анықтама түрінде уәкілетті органның қарауына ұсынылады.

76. Оқулықтарға мониторинг жүргізу қорытындысы бойынша уәкілетті орган білім беру ұйымдары қажет етпеген оқулықтарды, ОӘК мен ОӘҚ-ны өңдеу, қайта басып шығару немесе Тізбеден алып тастау туралы шешім қабылдайды.

## **7-тарау. Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды басып шығару тәртібі**

77. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдары үшін оқу әдебиеттерін басып шығару Тізбеге сәйкес жүзеге асырылады.

78. Тізбеге енген оқулықтар, ОӘК мен ОӘҚ әзірлеушінің қаражаты есебінен басылып шығарылады.

79. Әзірлеуші көрсетілетін қызметті берушіге Тізбеге енген оқулықтар мен ОӘК-ның үш данасын және оқу басылымының санитариялық-эпидемиологиялық сараптама қорытындысының көшірмесін ұсынады.

80. Білім беру ұйымдарында пайдаланылатын оқулықтар мен ОӘК-ның санитариялық-эпидемиологиялық сараптама талаптарына сәйкес еместігі анықталған жағдайда уәкілетті орган оларды Тізбеден алып тастау туралы шешім қабылдайды.

81. Уәкілетті органның "Білім беру ұйымдарында пайдалануға ұсынылады" деген грифі мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, арнайы білім беру деңгейлерінің оқу әдебиеттері үшін келесі басылымға дейін жарамды, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейлерінің оқу әдебиеттері үшін мерзімі шектелмейді.

82. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін оқу әдебиеттерін басып шығару көрсетілетін қызметті берушінің оң сараптамалық шешімі негізінде республикалық

бюджеттің, оқу орындарының, автордың, авторлық ұжымның немесе баспаның қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

83. Өңдеу нәтижелерін ескере отырып Тізбеге енгізілген оқулықтарды, ОӘК мен ОӘҚ және басқа да қосымша әдебиеттерді, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерін қайта басып шығару бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім үшін әрбір 5 (бес) жыл сайын және арнайы білім үшін әрбір 6 (алты) жыл сайын жүзеге асырылады.

Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу, оларға сараптама, сынақ өткізу және мониторинг жүргізу, оларды басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидаларына 1-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Оқулық" республикалық ғылыми-практикалық орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директорына

Кімнен \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

мекенжайы: телефоны:

### Өтініш (жеке және заңды тұлғалар үшін)

\_\_\_\_\_ баспасы (авторы (авторлар ұжымы), әзірлеуші) әзірлеген \_\_\_\_\_ аталымдағы " \_\_\_\_\_ " оқу әдебиетіне сараптама

жасауды және (орта білім беру деңгейінің оқулықтарын) баспа оқулығының PDF форматындағы электрондық нұсқасының жалпы жұртшылыққа қолжетімді болуын қамтамасыз ету үшін "Оқулық" республикалық ғылыми-практикалық орталығының <http://www.okulyk-edu.kz> интернет-ресурсына "Жоба" белгісімен орналастыруды сұраймын.

Білім беру деңгейі \_\_\_\_\_

№	Атауы	Санаты (оқулық, мұғалімге арналған құрал, дәптер және тағы басқа)	Әзірлеу формасы (қағаз, электронды)	Қайта басылған (жаңадан әзірленген)	Авторлары	Жас тобы (сынып немесе мамандық)	Әзірлеу тілі
1	2	3	4	5	6	7	8



Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалған құпиядан тұратын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

(өтініш берушінің қолы)

" \_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл.

Көрсетілетін қызметті алушының қолы, мөр (заңды тұлға үшін) \_\_\_\_\_

Өтінішті беру күні " \_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл.

Қабылдады: \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)) (қолы)

" \_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл.

Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу, оларға сараптама, сынақ өткізу және мониторинг жүргізу, оларды басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидаларына 2-қосымша

**"Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу басылымдары бойынша авторларға және авторлар ұжымына сараптамалық қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету стандарты**

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Оқулық" республикалық ғылыми-практикалық орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілі	Өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді Мемлекеттік корпорация жүзеге асырады
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	Күнтізбелік 50 (елу) күн.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Қағаз түрінде
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу басылымдары бойынша авторларға және авторлар ұжымына сараптамалық қорытынды беру
		Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) ақылы (тегін) көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет барлық білім беру деңгейлеріне арналған оқулықтарға, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарға ғылыми және педагогикалық сараптама жүргізу бойынша тақырыптық жоспарға (бұдан әрі - тақырыптық жоспар) енгізілген оқу басылымдарына осы Қағидаларға сәйкес ақысыз негізде көрсетіледі. Тақырыптық жоспарға енбеген оқу басылымдарына мемлекеттік қызмет а қ ы л ы к ө р с е т і л е д і .

<p>Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері</p>	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету құнын көрсетілетін қызметті беруші 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 120-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетімен келісе отырып белгілейді. Барлық білім беру деңгейлеріне арналған оқулық, оқу-әдістемелік кешен мен құрал, қосымша әдебиет, электрондық оқулық, электрондық оқу басылымының бір баспа табағына сараптама жүргізу құны:</p> <p>1) жаратылыстану-ғылыми цикл бойынша - 15 849 теңге;</p> <p>2) қоғамдық-гуманитарлық цикл бойынша - 11 887 теңге;</p> <p>3) мәдениеттану циклі бойынша - 9 906 теңге.</p> <p>Барлық білім беру деңгейлеріне арналған электрондық оқулық, электрондық оқу басылымдарына сараптама жүргізудің бір минутының құны - 2 678 теңге.</p> <p>Төлем екінші деңгейдегі банктер немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда Көрсетілетін қызметті берушінің есепшотына жіберу арқылы жүргізіледі.</p>
<p>7 Жұмыс кестесі</p>	<p>1) Көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі-жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорация - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.</p> <p>Мемлекеттік корпорацияда мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз "электрондық" кезек түрінде көрсетіледі, электрондық кезекті "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы брондауға болады.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсететін орындардың мекен-жайлары:</p> <p>1) көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорацияның <a href="http://www.gov4c.kz">www.gov4c.kz</a> интернет-ресурсында орналасқан.</p>
	<p>Автор, авторлық ұжым, баспа (әзірлеуші) Мемлекеттік корпорация арқылы Көрсетілетін қызметті берушіге келесі материалдарды жібереді:</p> <p>1) Осы Қағидалардың 1 қосымшасына сәйкес үлгідегі оқулықтарға, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарға сараптама жүргізуге өтініш.</p> <p>Өтініште оқу әдебиетінің титулдық парағына сәйкес автор(лар)дың аты-жөні мен тегі, МЖМБС-дағы (техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің үлгілік оқу жоспарларындағы) оқу пәнінің (пәннің) атауына сәйкес атауы, сыныбы (курсы), тілі, шыққан жылы мен орны көрсетіледі. Өтініште сондай-ақ Көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсына жұртшылықтың кең ауқымының қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін оқулықтың электрондық нұсқасын ("Жоба" белгісі бар PDF форматта) орналастыру туралы өтініш көрсетіледі.</p> <p>2) әзірлеуші (автор, авторлық ұжым) туралы мәліметтер: авторлардың біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың көшірмелері (ғылыми дәрежесі мен атағы, біліктілік санаттары, оқулықтарды әзірлеу саласы бойынша оқу курстарынан өткендігі туралы сертификаттар, байланыс деректері);</p>

8 Мемлекеттік корпорацияда мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі (не өзінің өкілеттігін растайтын құжат бойынша заңды тұлға немесе нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша жеке тұлға түріндегі уәкілетті өкіл)

- 3) оқулық Тізбеге енген жағдайда, оның электрондық нұсқасын уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастыру туралы баспаның, әзірлеушінің жазбаша келісімі;
- 4) баспа басшысының қолы қойылған оқулықтың МЖМБС талаптарына, үлгілік оқу бағдарламасына және оқулықтың құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптарға сәйкестігін көрсететін баспаішілік сараптама қорытындысы;
- 5) баспа басшысының қолы қойылған оқу материалдарын және алғашқы дереккөздерді пайдалану кезінде авторлық және азаматтық бұзушылықтың болмауы туралы кепілхат;
- 6) оқулықтың (оның ішінде PDF форматтағы электрондық нұсқасы), ОӘК мен ОӘҚ-ның үш дана түпнұсқа-макеті, баспасы мен авторларын көрсетпей аударма оқу басылымының түпнұсқасы, баспасы мен авторы (авторлары) көрсетілген оқулықтың бір түпнұсқа-макеті (оның ішінде PDF форматындағы электрондық нұсқасы), сондай-ақ соңғы тұтынушыға арналған қаптамадағы электрондық CD оқулықтар, ОӘК және ОӘҚ;
- 7) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің оқулықтары, ОӘК мен ОӘҚ үшін пән бойынша оқу бағдарламасы;
- 8) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің оқу басылымдары үшін - техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының республикалық оқу-әдістемелік бірлестік шешімінен көшірме;
- 9) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің оқулықтары, ОӘК мен ОӘҚ үшін - мамандықтардың топтары бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктің шешімінен көшірме;
- 10) электрондық жеткізгіштегі оқулықтар, ОӘК мен ОӘҚ үшін - еркін нысандағы пайдаланушыларға арналған орнату және басшылыққа алу нұсқаулығы;
- 11) төлемді растайтын құжат (сараптаманы ақылы негізде жүргізген жағдайда).

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу кезінде көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпиядан тұратын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісім береді. Жеке куәландыру құжаттары туралы мәліметті көрсетілетін қызметті беруші мен Мемлекеттік корпорация қызметкері "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады. Құжаттар қабылданған жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген

- 1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс болмауы анықталғанда;
- 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;
- 3) мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін келісу туралы сұрау салуға уәкілетті мемлекеттік органның теріс жауабы, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;
- 4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі)

<p>9 мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартудың негіздемесі</p>	<p>болған жағдайда ;  5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімі болған, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқықтан айырылған жағдайда ;  6) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетуден бас тарту үшін өзге де негіздер белгіленуі мүмкін .</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы осы Стандарттың 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) колданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолхат береді.</p>
<p>9 Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетудің ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар</p>	<p>Көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын Мемлекеттік корпорацияға тапсыруы үшін күтудің барынша рұқсат етілетін уақыты - 15 (он бес) минут .</p> <p>Мемлекеттік корпорацияда көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің барынша рұқсат етілетін уақыты - 15 (он бес) минут. Оқулықтарды, ОӘК мен ОӘҚ-ны сараптауға қабылдау оларды енгізгенге дейін кемінде 1,5 жыл бұрын мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейлері үшін жыл сайын 1 қаңтар мен 31 мамыр аралығындағы кезеңде, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейлері үшін 1 қаңтар мен 31 қазан аралығындағы кезеңде жүзеге асырылады .</p> <p>Заңнамада белгіленген тәртіппен өзіне-өзі қызмет көрсету, өз бетінше жүріп-тұру, бағдарлану қабілетін немесе мүмкіндігін толық немесе ішінара жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800-080-7777 телефондары арқылы өтініш беру жолымен Мемлекеттік корпорация қызметкері тұрғылықты жеріне барып жүргізеді .</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығының "1414" 8-800-080-7777 телефондары арқылы ала алады.</p>

Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу, оларға сараптама, сынақ өткізу және мониторинг жүргізу, оларды басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидаларына 3-қосымша Нысан

---

(көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) не ұйымының атауы)

## Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, "Азаматтарға

арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы филиалының №\_\_ бөлімі (мекенжайын көрсету)

Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың

толық топтамасын ұсынбауыңызға байланысты "Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта,

жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу

орнынан кейінгі білім берудің оқу басылымдары бойынша авторларға және авторлар

ұжымына сараптамалық қорытынды беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге құжаттарды

қабылдаудан бас тартады, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың атауы:

1) \_\_\_\_\_;

2) \_\_\_\_\_...

Осы қолхат әрбір тарапқа бір-бірден 2 данада жасалды.

\_\_\_\_\_  
("Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

\_\_\_\_\_  
(қолы)

Орындаушы:

\_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)) (қолы)

Телефоны: \_\_\_\_\_

Алдым:

\_\_\_\_\_

(көрсетілетін қызмет алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)) (қолы)

" \_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу, оларға сараптама, сынақ өткізу және мониторинг жүргізу, оларды басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидаларына 4-қосымша  
Нысан

### Оқу басылымына сараптамалық қорытынды

№ \_\_\_\_\_ " \_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

1. Аталым: \_\_\_\_\_

2. Басылым түрі \_\_\_\_\_

3. Оқу әдебиетінің авторы (авторлары): \_\_\_\_\_

4. Баспа (әзірлеуші), басылып шыққан жылы: \_\_\_\_\_

5. Білім беру деңгейі (сынып, жас тобы): \_\_\_\_\_

6. Сараптама нәтижесі: \_\_\_\_\_

"Оқулық" РҒПО директоры (директордың орынбасары) \_\_\_\_\_

МО

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2020 жылғы 19 мамырдағы  
№ 211 бұйрығына  
2-қосымша

**Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрлігінің күшін жойған кейбір бұйрықтарының тізімі**

1. "Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу басылымдары бойынша авторларға және авторлар ұжымына сараптамалық қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 214 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11252 болып тіркелген, 2015 жылғы 22 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

2. "Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік және жоғары білім берудің оқулық басылымдары бойынша авторларға және авторлар ұжымына сараптамалық қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 214 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 8 ақпандағы № 54 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14940 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді электрондық түрде эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 5 сәуірде, "Егемен Қазақстан" газетінде 2017 жылғы 24 қарашада № 227 (29208) болып жарияланған);

3. "Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу басылымдары бойынша авторларға және авторлар ұжымына сараптамалық қорытынды беру мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 214 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 11 қаңтардағы № 12 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16655 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді электрондық түрде эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 4 сәуірде жарияланған);

4. "Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқулық басылымдары бойынша авторларға және авторлар ұжымына сараптамалық қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 214 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 24 қыркүйектегі № 416 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19419 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді электрондық түрде эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 1 қазанда жарияланған);

5. "Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқулық басылымдары бойынша авторларға және авторлар ұжымына сараптамалық қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 28 сәуірдегі № 199 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15181 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді электрондық түрде эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 13 маусымда жарияланған);

6. "Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқулық басылымдары бойынша авторларға және авторлар ұжымына сараптамалық қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2017 жылғы 28 сәуірдегі № 199 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 28 сәуірдегі № 188 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16927 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді электрондық түрде эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 30 мамырда жарияланған).